



## **Мемлекеттік мұліктік жалдаудың (жалға берудің) үлгілік шартын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 наурызда № 10479 тіркелді.

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 74-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.08.2023 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мұліктік жалдаудың (жалға берудің) үлгілік шарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 17 наурыздағы  
№ 211 бұйрығымен  
бекітілген

нысан

## **Мемлекеттік мұліктік жалдаудың (жалға берудің) үлгілік шарты**

(объектінің атауы)

к. №\_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

Бұдан әрі "жалға беруші" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан  
(жалдауға берушінің (жалға берушінің) атауы)

\_\_\_\_\_ 20 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№\_\_\_\_\_ бекітілген

туралы 20\_\_\_\_\_ жылғы  
"\_\_\_" №\_\_\_\_\_ Ереженің негізінде әрекет ететін басшы

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

бір тараптан және бұдан әрі "жалға алушы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ атынан

(жалдаушиның (жалға алушының) атауы)

екінші тараптан, бірлесіп "тараптар" деп

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) аталатындар, төмендегі

туралы осы шартты жасасты.

## 1. Шарттың нысанасы

1. Бұдан әрі "баланс ұстаушы" деп аталатын \_\_\_\_\_

(баланс ұстаушиның атауы)

балансында тұрған, бұдан әрі "объекті" деп аталатын \_\_\_\_\_

(объектінің орналасқан жері мен қысқаша сипаттамасы)

мекенжайында орналасқан \_\_\_\_\_

(объектінің атауы)

1) 20 "\_\_\_" №\_\_\_\_\_ бүйрекиңиң негізінде;

(жалға берушінің атауы)

2) 20 "\_\_\_" № тендер нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес

тендер нәтижесі бойынша объектіні мүліктік жалдауға (жалға алуға)

беру шарттың мәні болып табылады.

2. \_\_\_\_\_

(объектінің белгіленуі не тендер шарттары)

мақсатында пайдалану үшін, 20\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_"

бастап 20 жылғы "\_\_\_" аралығында объектіні жалға беруші мүліктік

жалдауға (жалға алуға) береді, ал жалға алушы қабылдап алады.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін аталған шарттың әрекет етуі  
тоқтатылады.

## 2. Жалпы шарттар

3. Объектіні жалдауға беру жалға алушының, баланс ұстаушының өкілдері қол  
қоятын және жалға беруші бекітетін қабылдау-тапсыру актісі бойынша (беру сәтінде

объектінің іс жүзіндегі жай-күйін көрсете отырып) жүзеге асырылады және осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Жалға берушінің шартқа қол қоюымен және баланс ұстаушының жазбаша келісімімен тапсырылатын объектінің беру сәтінде кепілдікке қойылмағандығын, сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және шартқа қатысы жоқ үшінші тұлғалармен шарттың әрекет етуі ішінде талап етілмейтіндігін куәландырады.

5. Кемінде бір жыл мерзімге жасалған жылжымайтын мүлікті мүліктік жалға алу шарты "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады және осындай тіркеу сәтінен бастап жасалған деп есептеледі. Шартты мемлекеттік тіркеу Жалға алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Жалға алушы өрт пен электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жалдап отырған үй-жайлардағы техникалық құралдар мен инженерлік жабдықты дұрыс пайдалануға, сондай-ақ осы тармақта көзделген шарттардың тиісті түрде орындалмауының салдарына толық жауап береді.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

7. Жалға берушінің:

1) баланс ұстаушымен келісу бойынша жалға алушыға объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта жоспарлауға немесе қайта жабдықтауға жазбаша рұқсат беруге;

2) жалға алушыға объектіні қосалқы жалға беруге жазбаша рұқсат беруге;

3) жалдау ақысының уақтылы және толық аударылуын бақылауды жүзеге асыруға;

4) жалдау ақысының уақтылы енгізілмегені үшін өсімпұл есептеуге;

5) тараптардың келісуі бойынша шарттың мерзімін ұзартуға, шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны бұзуға;

6) объектінің мақсатты пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыруға құқығы бар.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 03.06.2025 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Жалға алушының:

1) жалдау ақысын аванспен төлеуге;

2) баланс ұстаушының жазбаша келісімімен объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта жоспарлауға немесе қайта жабдықтауға рұқсат алуға жалға берушіге өтініш жасауға;

3) объектіні қосалқы жалға беруге рұқсат алу үшін жалға берушіге өтініш жасауға;

4) жалға берушіге шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны бұзу туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 03.06.2025 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**9. Жалға беруші:**

1) баланс ұстаушының объектінің қабылдау актісіне сәйкес жалға алушыға беруін және шартқа қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оны бекітуді қамтамасыз етуге;

2) шартта белгіленген тәртіппен жалға алушының объектінің иелену және пайдалануына кедергі келтірмеуге;

3) шарт талаптарын немесе жалдау ақысының мөлшерін езгертуken жағдайда, бұл туралы жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін бір ай бұрын жалға алушыға хабарлауға;

4) жалға алушыға жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей мерзімі өткен жалдау төлемдері үшін өсімақылар мен айыппұлдар есептегені туралы хабарламаны жіберуге міндettі;

5) объектінің қабылдау-тапсыру актісін бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы шарт бойынша мәліметтердің мемлекеттік мүлік тізіліміне (бұдан әрі - тізілім) енгізуін қамтамасыз етуге міндettі.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үлттық экономика министрінің 24.07.2019 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.10.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

**10. Жалға алушы:**

1) \_\_\_\_\_ кешіктірмей ай сайын  
(жалдау ақысын төлеу мерзімдері)

жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да жалдау төлемдерін (айыппұлдарды, өсімақыларды) енгізуге;

2) төлем тапсырмасына немесе жалдау төлемін төлегендігі туралы түбіртектегі "төлемнің мақсаты" жолына мынадай мәліметтерді:

жалға алушының жеке сәйкестендіру нөмірін немесе бизнес жеке сәйкестендіру нөмірін;

тізілімнің веб-порталы беретін мүліктік жалдауға (жалға алуға) шартының сәйкестендіргішін енгізуге;

3) жалдау ақысын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) енгізгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталында шарт бойынша есеп айырысуға салыстыруды жүргізуге;

4) қабылданған объектінің шартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;

5) объектінің тиісті тәртіппе ұстауға, объектіге немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;

6) объектіні дұрыс жағдайда ұстaugа, өз есебінен ағымдағы жөндеу жүргізуге және мұлікті ұстau бойынша шығыстарды көтеруге, сондай-ақ тараптармен келісілген мерзімдерде күрделі жөндеу жүргізуге;

7) жалға алушының кіnесінен, сол сияқты табиғи тозуға байланысты объектінің жекелеген элементтері істен шыққан жағдайда, жөндеу жұмыстарын өз қaражаты есебінен жүргізуге;

8) жалға берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта жоспарлауды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға;

9) объектіге және объект орналасқан жер учаскесіне жалға берушінің, санитариялық-элидемиологиялық қадағалау қызметі және объектіні пайдалану мен қолдану тәртібіне қатысты нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз жіберуге, олар белгілеген мерзімдерде тіркелген бұзушылықтарды жоюға;

10) шарт бойынша өз құқықтарын кепілге бермеуге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде салмауға;

11) осы шарттың аяқталу мерзіміне дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей тізілімнің веб-порталында электрондық нысанда шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға өтініш береді. Мұндай өтініштің болмауы жалға берушіге объектіні өзге занды немесе жеке тұлғаларға мұліктік жалдауға (жалға алуға) негіз болады;

12) шарт бұзылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған кезде баланс ұстauшы мен жалға алушы және қол қойған жалға беруші электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, тізілім веб- порталында бекітетін қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес шарт бұзылған күннен немесе шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен кешіктірмей объектіні баланс ұстauшыға қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті;

13) жалға алушының кіnесінен объекті пайдалануға жарамсыз жағдайға келтірілген жағдайда, өз қaражаты есебінен қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға;

14) объектіні жұмыс іstemейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық күйінде (нормативтік көрсеткіштерден асатын тозумен) қайтарған жағдайда, шығынды өтеуге міндетті.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.07.2019 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 03.10.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.**

#### **4. Жалдау ақысы мен есеп айырысу тәртібі**

11. Объектіні мұліктік жалдау үшін жалдау (жалға алу) ақысының мөлшері айна \_\_\_\_\_ теңгені құрайды (жалдау ақысының есебі шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымшада келтірілген).

12. Мұліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысы коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді, ағымдағы және құрделі жөндеуге арналған аударымдарды, объектіге көрсетілген қызметтер және қорғау үшін төлемдерді қамтымайды. Бұл төлемдерді жалға алушы тікелей бағынысты қорғау, пайдалану, коммуналдық, санитарлық және қызметтер көрсететін басқа да қызметтерге төлейді.

13. Ай сайынғы жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да төлемдерді (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) жалға алушы жергілікті өзін-өзі басқару органының қолма-қол ақшасының бақылау шотына не "Республикалық меншік иелігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201501 бюджеттік сиынптама кодына не "Коммуналдық меншік иелігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201504 бюджеттік сиынптама кодына не "Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың коммуналдық меншігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201506 бюджеттік сиынптама кодына, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруына берілген мемлекеттік мұлікті жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, "Ауданың, облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық меншігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201508 бюджеттік сиынптама кодына не "Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ коммуналдық меншігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201 бюджеттік сиынптама кодына бенефициар \_\_\_\_\_ БСК, бенефициар \_\_\_\_\_ ЖСК аударады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2017 № 330 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

13. Ай сайынғы жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да төлемдерді (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) жалға алушы жергілікті өзін-өзі басқару органының қолма-қол ақшасының бақылау шотына не "Республикалық меншік иелігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201501 бюджеттік сиынптама кодына не "Коммуналдық меншік иелігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201504 бюджеттік сиынптама кодына не "Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың коммуналдық меншігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201506 бюджеттік сиынптама кодына, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруына берілген мемлекеттік мұлікті жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, "Ауданың, облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық меншігінде тұрған мұлікті жалға беруден түсетін кірістер" 201508 бюджеттік сиынптама кодына бенефициар \_\_\_\_\_ БСК, бенефициар \_\_\_\_\_ ЖСК аударады.

14. Тендер өткізбестен мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілген жылжымайтын мүлік бойынша жалдау ақысының мөлшері, базалық мөлшерлемесі мен қолданылатын коэффициенттер мөлшері өзгертілген жағдайда, жалға берушінің талабы бойынша қайта қаралады.

Тендер өткізу арқылы мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілген жылжымайтын мүлік бойынша жалдау ақысының есебі, егер жалға алушы тендерде ұсынған жалдау ақысының мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10467 болып тіркелген) Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға беру қағидаларының 49-тармағына сәйкес есептелген жалгерлік ақысының мөлшерінен төмен болған жағдайда жалға берушінің талабына сәйкес өткізіледі.

Жалдау ақысының мөлшері өзгерген кезде жалға беруші жалға алушыны жалдау ақысын енгізудің кезекті мерзіміне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабардар етеді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.07.2019 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Жалға алушы Шарттың 10-тармағының 1) тармақшасында көзделген жалдау ақысын төлеудің мерзімін бұзған жағдайда, жалға алушы әрбір мерзімі өткен күн үшін төленбекен сомадан 0,5% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

16. Осы шартта көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу жалға алушыны орындалмаған міндеттемелерін тиісінше орындаудан босатпайды.

17. Жалға алушының бастамасы бойынша шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, аванспен төленген жалдау ақысы қайтарылмайды.

## **5. Шартты мерзімінен бұрын бұзу шарттары**

18. Жалға алушы шартты бұзғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бұл туралы жалға берушінің жазбаша ескерте отырып, шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

19. Жалға берушінің талабы бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шарты бұзылуы мүмкін және объект жалға берушіге мынадай:

1) егер жалға берушінің жасаған жазбаша ескертуіне қарамастан, жалға алушы объектіні шарттың талаптарын немесе объектінің мақсатын елеулі бұза отырып пайдаланған;

2) егер жалға алушы шарт бойынша берілген объектінің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбаған;

3) егер жалға алушы қасақана немесе байқаусызда объектінің елеулі нашарлатқан;

4) егер жалға алушы шартта белгіленген төлем мерзімі өткеннен кейін объектіні пайдаланғаны үшін ай сайынғы жалдау ақысын екі рет қатарынан төлемесе;

5) егер жалға алушы шартта белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе шартқа сәйкес күрделі жөндеу міндеттемесі жалға алушыға жүктелген жағдайларда ақылға қонымды мерзімдерде объектіге күрделі жөндеу жүргізбесе, жалға беруші жалға алушыға өз міндеттемелерін ақылға қонымды мерзімде орындау мүмкіндігін бергеннен кейін ғана шартты мерзімнен бұрын жоюды талап етуге құқылы;

6) жалға алушыға басқа объектіні оның жазбаша келісімінен кейін берген;

7) жалға беруші объектіні алып қою туралы шешім қабылдаған;

8) жалға берушінің атына баланс ұстаушы жазбаша өтініш жазған жағдайларда қайтарылады.

Шарт жалға алушының талабы бойынша мерзімінен бұрын мынадай:

1) баланс ұстаушы шарттың талаптарына немесе объектінің мәніне сәйкес жалға алушының пайдалануына объектіні бермеген не объектіні пайдалануға кедергі жасаған;

2) объектінің баланс ұстаушысы шартпен белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған жағдайда - ақылға қонымды мерзімдерде оған салынған объектіні күрделі жөндеу міндеттемелерін орындаған;

3) жалға алушыға берілген объектілердің оны пайдалануға кедергі жасайтын, олар шарт жасасқан кезде жалға берушімен келісілмеген ақаулары болған және шартты жасасқан кезде объектіні қараған және оның жұмыс істейтінін тексеру уақытында анықталуы мүмкін болмаған;

4) егер объекті жалға алушының жауап беруі мүмкін емес жағдаяттар салдарынан пайдалануға жарамай қалған жағдайларда бұзылды.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 03.10.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректің мен.**

20. Шартты мерзімінен бұрын бір тарапты бұзу сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін. Сот шешімі күшіне енгенге дейін объекті жалға алушыда сақталады, ол шартқа сәйкес жалдау ақысын төлеуді жалғастырады.

## 6. Ерекше жағдайлар

21. Шарт әрбір тарап үшін біреуден бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде үш данада жасалады.

22. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың қосымша келісімге қол қоюы жолымен енгізіледі. Егер оларды осыған уәкілетті тұлғалар жасаған болса шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың күші болады. Барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

23. Егер жалға алушы өз қаражаты есебінен және баланс ұстаушының келісімімен және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органдардың) жазбаша рұқсатымен объекті үшін зиянсыз ажырамас жақсартулар жүргізген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалға алушы шарт тоқтатылғаннан кейін осы жақсартулардың құнын баланс ұстаушы арқылы өтеуге құқығы бар. Жалға алушы жүргізген объектінің ажырайтын жақсартулары оның меншігі болып табылады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалға беруші мен баланс ұстаушының келісімінсіз жалға алушы жасаған ажырамас жақсартулардың құны өтеуге жатпайды.

24. Мүліктік жалдау (жалдау) үшін жалдау ақысын есептеу объектіні қабылдау-тапсыру актісі бойынша баланс ұстаушыға қайтарылғанға дейін жүргізіледі.

Жалға алушы мен баланс ұстаушы ЭЦҚ пайдалана отырып, тізілім веб-порталында қол қойған және жалға беруші бекіткен қабылдау-тапсыру актісі мүліктік жалдау (жалдау) шартын бұзу және бұзу фактісін растайтын құжат болып табылады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 03.10.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 6-1. Форс-мажор

**Ескерту. Ұлгілік шарт 6-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.08.2023 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24-1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы еңсерілмейтін күш мән-жайларының (жер сілкінісі, топан су, өрт, эмбарго, соғыс немесе әскери қымылдар, мемлекеттік органдардың міндеттемелердің орындалуына тыйым салатын немесе қандай да бір кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерді шығаруы) салдарынан болса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау үшін өздеріне байланысты барлық шараларды қабылдаған жағдайда, Тараптар міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

24-2. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары болған, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдар болған уақытқа тең мерзімге ауыстырылады.

24-3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптардың кез келгені күнтізбелік отыз құн ішінде екінші Тарапты осындай мән-жайлардың туындағаны туралы жазбаша хабардар етеді.

Хабарлама мынадай тәсілдердің бірімен жіберіледі: қабылданғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, телефонограмма немесе жеделхат арқылы,

абоненттің ұялы телефон нөміріне қысқа мәтіндік хабарламаны жібере отырып, "электрондық үкімет" веб-порталындағы пайдалануышының шотына. "Электрондық үкімет" веб-порталы, ұялы телефон нөмірі немесе электрондық пошта мекенжайы арқылы мәтіндік хабарлама.

Жалға беруші немесе жалға алушы (тараптар) түрғылықты (орналасқан жері), жұмыс орнының мекенжайлары, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, шартта өздері көрсеткен электрондық пошта мекенжайының сенімді екенін, хабарламаның (хабарландыру) сенімділігін өз қолымен растайды. көрсетілген контактілерге жіберілген (мекен-жайы), орынды және жеткілікті болып саналады.

**Ескерту. 24-3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 03.10.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**24-4. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 03.10.2024 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **7. Дауларды қарau тәртібі**

25. Осы шарттан немесе оған байланысты тараптар арасында туындауы мүмкін даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда - сот тәртібімен шешіледі.

## **8. Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері**

**ЖАЛҒА БЕРУШІ: ЖАЛҒА АЛУШЫ:**

Басшы \_\_\_\_\_  
(жалға берушінің атауы)

\_\_\_\_\_  
(орналасқан жері) (жалға алушының атауы мен  
орналасқан жері)

\_\_\_\_\_  
(қолы) (қолы)